

Кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 347 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 қазанда № 4268 болып тіркелді. Күші жойылды Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 25.01.2016 № 7 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Қаулының атауы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 06.04.2015 № 75 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 18-бабының 2) тармақшасына және 238-бабының 3-тармағына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі, осы қаулының қосымшасына сәйкес а н ы қ т а л с ы н .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 06.04.2015 № 75 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р.С. Нұғмановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі А. Балғарин

КЕЛІСІЛДІ:

_____ А.И. Бондаренко

"Әуликөл ауданы әкімдігінің
Экономика және бюджеттік жоспарлау
бөлімі" ММ басшысы

_____ Т.И. Печникова

Әкімдіктің

2013 жылғы 2 қазандағы № 347

қаулысына қосымша

**Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде
жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар
мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар азаматтық
қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс
істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру,
мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы
мамандар лауазымдарының тізбесі**

Ескерту. Қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы
Әуликөл ауданы әкімдігінің 06.04.2015 № 75 қаулысымен (алғашқы ресми
жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі) .

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы
әкімдігінің 10.04.2014 № 86 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2015 №
75 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Үйден әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің меңгерушісі;
2. әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
3. әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
4. жұмыспен қамту орталығының маманы;
5. жалпы білім беру және қосымша білім беру мектептерінің директорлары;
6. мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның
б а с ш ы с ы ;
7. директордың оқу жұмысы, тәрбие жұмысы, бейін бойынша оқыту және
қосымша білім беру жөніндегі орынбасары;
8. мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы;
9. мемлекеттік мекемесінің және қазыналық кәсіпорны басшысының

о р ы н б а с а р ы ;

10. барлық мамандықтағы мұғалімдері;
11. алғашқы әскери даярлық оқытушы-ұйымдастырушысы;
12. сектор бөлімшесінің (бөлімінің) бөлімше басшысы;
13. әлеуметтік педагог;
14. қосымша білім беру педагогы;
15. педагог-психолог;
16. аға тәрбиеші, тәрбиеші;
17. аға жоғары;
18. сауықтыру лагерінің директоры (бастығы);
19. әдіскер;
20. өндірістік оқыту шебері;
21. медбике;
22. емдәмбике;
23. әлеуметтанушы-талдаушы;
24. интернат меңгерушісі;
25. кітапхана меңгерушісі;
26. кітапханашы;
27. библиограф;
28. суретші;
29. музыкалық жетекші;
30. мәдени ұйымдастырушы;
31. мұражай қорын сақтаушы;
32. аккомпаниатор;
33. хореограф;
34. мал дәрігері;
35. мал фельдшері;
36. жаттықтырушы;
37. арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер.